Басқарманың 2026 жылғы 06 қарашадағы
№127 хаттамасына №14 қосымша

Уақытша акцияның шарттары
Алғашқы тартылған клиент үшін ұлғайтылған сыйақы

1. Акцияны «Фридом Банк Қазақстан» АҚ (бұдан әрі - Банк) «Фридом Банк Қазақстан» АҚ-ның жеке тұлғаларға арналған «e-Residency реферaлдық бағдарламасы» акциясының қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) шеңберінде өткізеді.
2. Акцияның мерзімі 31 күнтізбелік күнді құрайды: 2026 жылғы 10 қарашадан бастап 10 желтоқсанды қоса алғанда.
3. Акцияға Банктің клиенттері болып табылатын және акция басталғанға дейін реферaлдық сыйақы алмаған жеке тұлғалар қатарындағы реферерлер қатысады.
4. Сыйақы акция кезеңінде e-Residency рәсімдеген, Банк көздеген тексерулерден өткен және Банктегі алғашқы төлем карточкасын ашқан алғашқы тартылған клиент үшін төленеді. Шақыруды тіркеу және клиентті реферерге бекіту Қағидалармен айқындалады.
5. Ұлғайтылған сыйақы жеке табыс салығы (ЖТС) ұсталғаннан кейін 49 (қырық тоғыз) АҚШ долларын құрайды. Бейрезидент реферерлерге сыйақы АҚШ долларымен, резидент реферерлерге төлем жасалған күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша теңгемен төленеді.
6. Ұлғайтылған сыйақы бір реферерге дәл сол алғашқы клиент үшін әдеттегі біржолғы сыйақының орнына бір рет төленеді. Екінші және одан кейінгі клиенттер үшін сыйақы Қағидаларға сәйкес төленеді.
7. Ұлғайтылған сыйақы Қағидаларда белгіленген мерзімде Реферердің Банктегі қолданыстағы ағымдағы шотына төленеді.
8. Өзін-өзі шақыруға және бір клиентті қайта есепке алуға жол берілмейді. Теріс пайдалану расталған жағдайда Банк Қағидаларда көзделген тәртіппен сыйақыны төлеуден бас тартуға құқылы.
9. Акция бекітілген бюджет шегінде өткізіледі. Бюджет лимитіне жеткен кезде жаңа қатысушыларды қабылдау тоқтатылады. Қабылдау тоқтатылғанға дейін туындаған құқықтар бойынша Банктің міндеттемелері сақталады.
10. Осы шарттармен реттелмеген мәселелер бойынша Қағидалар қолданылады.